

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қазығұрт елдің мекені

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы

Баяндама

Тұмау ауруларының белгілері және оның алдын алу жолдары



Тұмау ауруларының белгілері және оның алдын алу жолдары

Тұмау және тыныс алу жолдарының жедел вирустық инфекциялары - бұл ауа-тамшы жолдарымен жұғатын әртүрлі инфекциялардың жиынтығы. Соның ішінде тұмау циклдік ағымға ие болған. Сонымен қатар адамдардың көпшілігінде тұмау пандемиядан да қауіпті әпидемияға айналып отыр. Адамзатқа пандемияның бірнеше түрі белгілі, ең қатерлісі «Испанка» пандемиясы. Қазіргі таңда тұмау әпидемиясы кезінде адам өлімі жок, бірақ көптеген адамдардың тұмауға деген салғырттықтарының нәтижесінде инфекцияның күшеюіне жол берілуде. Яғни, бұл өз кезегінде тұмаудың тұракты вирустарын туғызады. Сөйтіп ауа арқылы басқа адамдарға жұғады, жүрек-қан тамырлары жүйесі, бүйрек және басқа да мүшелер ауруларының асқынуына әкеледі. Тұмау өте құбылмалы және оның құрылымы өзгеріп отырады, осылай тұмау және вирустық инфекциялар жаңа толқынды болады. Ең алдымен «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы ұмытпауларының керек. Сактықта корлық жок дегендей, әрбір адам өз денсаулығына жауап беруі тиіс.

Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан 7 күнге дейін, орташа 2-3 күнді құрайды. Аурудың басталуы жедел, интоксикация синдромымен сипатталады. Бірнеше сағат ішінде дене температурасы 39-40С дейін котеріледі, әртүрлі дәрежедегі қалтырау, мерзімі қыска, 3-5 күн. Әдеттегідей аурудың басы өткір, кенет интоксикация синдромынан басталады. Қалтырауы бар науқастарда (өте жылдам бірнеше сағат ағымында) дене температурасы 39-40С котеріледі, қалтырау қыска және әртүрлі сипатқа ие (ремиттирлеуші, интермиттирлейтін сипаттағы қалтырау тағы басқалар), мандай бөлімінің, әсіресе қабак үсті аймағының ауырсынуы, бас айналу, тершендік, буындардың, сүйек-бұлышықеттерінің ауырсынуы тән, адінамия, жалпы әлсіздік үдей түседі. Тұмаудың ауыр ағымында үйкінің қашуы, көп ретті құсу, ес бұзылыстары, менингиалді белгілердің болуы тән. Катаральды синдром интоксикация синдромымен бірге, немесе біраз кешігінкіреп пайда болады (12-24 сағаттан кейін). Оған тән белгілер: тамағының жыбырлауы, жұтынғанда ауырсынуы, мұрынның шырышты қабатының қызаруы және ісінуі, мұрынның бітелуі, мұрыннан су ағуы, дауысының карлығуы, «құрғак», қыска түрдегі жөтөл, аранның шырышты қабатының ісініп, қызаруы. Аурудың алғашқы күнінен көз алмасының ауырсынуы, жас ағуы, жарыққа сезімталдығының жоғарылауы, конъюктивит анықталады. Гриппен ауыратын науқастардың сыртқы келбеті: беті ісінген, аздал қызарған, жүрек-қан тамыр жүйесі жағынан тахикардия мен гипотония байқалады. Атипті түрлері: Акатаральды түрінде интоксикация синдромының белгілері басым болып, катаральды синдром болмайды. Афебрильды түрінде температурадан басқа белгілердің барлығы болады, бірақ әлсіз түрде. «Найзағай» тәріздес түрлерінде ауыр ағымды және летальды аяқталу болады. Геморрагиялық түрі петехиалды бөртпелері мен әртүрлі қан кетулермен өтеді, ауыр ағымды.

Тұмауды алдын алудын жолдары:

1. Ең тиімді алдын алу әдісі- тұмауға қарсы вакцинасы.
2. Эпидемия кезінде адамдармен байланысының мүмкіндігінше азайтуға тырысының (қоғамдық көліктермен ирек жүріп, қонаққа барудан бас тартының).
3. Бөлменізді, үйінізді жиі желдетіп, ылғалды түрде жиыстырып қойының.
4. Мұрныңыздың шырышты қабығын интерферонды қолдана отырып, 0,25 пайызды оксалин майымен майлап қойының.
5. Сарымсақ пияз сонымен катар құрамында Сдәрумені бар өнімдерді көбірек пайдаланыңыз лимон, орамжапырақ, кара қарақат.
6. төрт қабатты дәкелі таңғышты қолданыңыз.
7. Толық тамақтаныңыз
8. Таза ауада жүйелі түрде серуендеу, денешынықтырумен және спортпен айналысады колға алының.
9. Тұмаумен ауыратын науқасты басқалардан оқшалауды ұмытпанаңыз.

Алдын алу шаралары

Тұмауга нактылы диагноз қойып, науқасты оқшаулап, ауруханаларда не басқа тиісті мекемелерде карантин жарияланады. Тұмауга қарсы вакцина егіледі, оның ішіндегі ең тиімді – тазартылған вириондық вакцина. Алдын ала организмді шынықтыратын емдер жасап, спортпен шүғылданған дұрыс.

Тұмау басталғанда адамның денесі дел-сал болып, көніл-күйі нашарлайды және тағамға тәбеті шаптайтын. Бір-екі күннен кейін дene қызыу көтеріледі, басы ауырады, бұлшық еттері сыйздал, буын-буыны сырқырайтын, мұрны біtedі, дауысы қарлығып, жөтеледі, тамағы қызырып, жұтынғанда ауырады, көзі қызырып жасаурайтын. Адам дереу дәрігерге көрініп, емделсе, үш-бес күннен кейін дene қызу төмендеп, сауыға бастайды.

Емі. Емі — дәрігердің бакылауында болып, оңаша, ауасы таза бөлмеде жатып емделу. Дене қызыуын, дene сырқырауын, аспирин, пирамидон және т.б. дәрілер тез басады. Тұмау вирусына антибиотиктер пайда етпейді. Ауру адам жөтелгенде, түшкіргенде аузы-мұрның қолымен немесе орамалмен (шүберекпен) жабуға тиіс. Науқастың тек өзіне арналған ыдысы, орамалы т.б. болуға, олар жиі қайнатылып, жуылуға тиіс.

Тұмау асқынғанда науқасты ауруханаға жатқызып, кешенді емдеу шараларын жургізеді. Арнайы дәрілер (оксолин, амантадин, ремантадин, интерферон, т.б.), антибиотиктер, қызу басатын, организмнің улануын азайтатын дәрі-дәрмектер беріледі.